



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аралас жекпе жек шебері Шавкат Рахмоновты қабылдады. Президент даңқты спортшыны таяуда Лас-Вегаста өткен UFC турнирінде жеңіске жетуімен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Рахмонов секілді мықты атлеттердің жеңіске деген ерік-жігері мен жетістігі өскелең ұрпақты жігерлендіретінін, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыратынын айтты.

ШАВКАТ СЫЙЛАҒАН ШАТТЫҚ



Сонымен қатар Президент спортшының алдағы уақытта биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Өз кезегінде Шавкат Рахмонов арнайы қабылдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ ол жанкүйерлердің үмітін ақтап, еліміздің мерейін асқақтата беретінін жеткізді.

Осы ретте Шавкаттың соңғы жекпе-жегі мен ол туралы ақпараттарға шолу жасағанды жөн көрдік.

Күллі әлем назарын аударған UFC сайыстарында Қазақстанның жарық жұлдызы Шавкат Рахмонов кезекті жарқын жекпе-жегінен өткізді. «Номадтың» америкалық Джефф Нилды жеңгеніне біраз күн өтсе де бұл кездесу сыйлаған шаттық әлі басылар емес.

4 БЕТТЕ

Кеше қала әкімі Асылбек Шәменов Тасбөгет кенті тұрғындарымен кездесіп, атқарылған жұмыс жайын баяндады.

Тасбөгетте жаңа емхана салынады



Тасбөгеттегі С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің залы халыққа лық толды. Тасбөгет кентінде жергілікті халықтан бөлек оған қарасты бірқатар саяжай тұрғындары да кездесуге келді. Шаһар басышымен кездесуге келген тұрғындар көкейдегі сауалдарын жолдауға асыққан. Алдымен қала әкімі кентте бұған дейін атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жалпы 30 мыңнан астам тұрғыны бар кент аумағы жыл санап кеңейіп келеді. Инфрақұрылым дамыған, әлеуеті артқан бұл аумақта жаңадан қоныстанушылар көп. Сондықтан кенттің шет аймағындағы жол, ауыз су, электр желісі сынды мәселелер әлі де өзекті. Бныл осы шет аймақтың ахуалын жақсарту мақсатында 41 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, электр желілері тартылмақ. Тұрғындар қозғаған қайсыбір мәселенің де маңызды екенін тілге тиек еткен қала басышы оның кезең-кезеңімен, жоспар бойынша жүзеге асатынын айтты.

2 БЕТТЕ

ҚАЛАДА ҚҰРЫЛЫС ҚЫЗЫП ЖАТЫР

Қызылордаға көктем келісімен-ақ қаланың әр аумағында құрылыс қарқын ала бастады. Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі жол құрылысы, әуежай мен шаһардағы бірнеше нысанның құрылыс жұмыстары қыза бастады. Ауқымды жұмыстардан бөлек қалаға қарасты ауылдарда атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бүгінгі мақалада шаһардағы құрылыс аясындағы тынымды тірліктерге тоқталып өткенді жөн көрдік.



Жалпы Қызылорда облысы құрылыс секторындағы жоғары өсу қарқыны бар аймақтар қатарында. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров хабарлаған еді. «Орындалған құрылыс жұмыстары бойынша Жетісу облысынан басқа барлық өңірлерде оң өсім тіркелді. Әсіресе, құрылыс-монтаж жұмыстарының жоғары өсімі Жамбыл, Маңғыстау, Ақтөбе, Абай және Қызылорда облыстарында байқалды», – деді ведомство басшысы.

Қызылордада алдағы уақытта еден плитасы, жол плитасы, іргетас блоктары, мандайша, таспалы іргетас, баспалдақ, темір-бетон тіректері сияқты темір-бетон және тауарлы бетон өнімдері шығатын болады. Бұл жұмыстарды «Строительнотранспортная компания» ЖШС жүзеге асырмақ. Қазіргі кезде серіктестік тұрғын үй-құрылыс комбинатын салуда.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жоба құрылтайшысы «Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы 370 млн теңге несие алып, құрылысын бастады. Жобаның жалпы құны

– 2 млрд 600 млн теңгені құраса, оның 2230 млн теңгесін инвестор өз қаражаты есебінен салды. Жобамен танысу мақсатында 1 ақпан күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев барғанда құрылыс жұмыстары 85 пайызға аяқталғаны, комбинат сәуір айында жұмысын бастайтыны айтылды. Нысан іске қосылғаннан кейін өндірісте 90 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Болат Өтемурастов қорының қаржысы есебінен Қызылорда әуежайының жаңа терминалы салынууда. Жаңа ғимараттың жалпы аумағы 7,5 мың шаршы метрден астам, жалпы құны 31 млн АҚШ долларын құрайды. Нысан пайдалануға берілген кезде көлік саласының көрсеткіштері бірнеше есе артады деген жоспар бар. Құрылыс кезінде 600-ден астам адам жұмыспен қамтыла, аяқталғаннан кейін 64 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылмақ. 2025 жылға қарай жаңа терминал арқылы 3000 рейс орындалады деп күтілуде. Тасымалданған жолға саны 260 мыңнан 500 мыңға дейін ұлғайса, жүк тасымалы 150 тоннадан 300 тоннаға дейін артады деп межеленуде.

Қызылордада «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында жалпы құны 9,7 млрд теңгені құрайтын 27 нысан құрылысы жоспарлануда. Атап айтқанда, 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік және 1 медициналық бекет құрылысының тізімі Үкімет қаулысына енгізілді. Облыс әкімінің баспасөз қызметі 15 медициналық амбулатория мен 1 медициналық бекеттің құрылысы биыл басталатынын мәлімдеді.

Қаладағы қарқынды құрылыстар қатарында Бейбарыс Сұлтан көшесі бар. Жалпы ұзындығы 4,2 шақырым жолды қалпына келтіру жұмыстары ақпан айында басталып, 12 ай ішінде аяқталмақ. Мұнда әрқайсысының ені 3,5 метрді құрайтын 4 жолақты жол салу жоспарланған. Жалпы биыл қала мен қалаға қарасты елді мекендердегі 236 көшеге орташа жөндеу жүргізу үшін 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Бұл қаражатқа 99 көшеге асфальт және 137 көше тас жол құрылысын салу жоспарлануда.

2 БЕТТЕ

КӘСІПКЕ ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ТАЛАСЫ

Экономиканың негізгі тірегі саналатын кәсіпкерлік саласына қолдау жылдан-жылға артып келеді. Былтыр соңғы айда 34995 шағын кәсіпкерлік нысан тіркеліп, жұмысын бастаған. Оның 26304 жеке кәсіпкер, 6303 заңды тұлға және 2386 шаруа қожалығын құрайды. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 29,4 пайызға артқан. Десе де аталған кәсіпкерлік нысанның бүгінде 31869-ы ғана нақты жұмыс істейді. Бүгінде жеке ісін ашып, кәсібін дөңгелеткісі келетіндер қатары көбейген. Көзі қарасты тұрғындар бұл ретте мемлекет тарапынан көптеген мүмкіндіктер барын біледі. Сондықтан тиімді тірлікті игілікке жаратқысы келетіндер көп. Мәселен, жыл басында қала бойынша шағын кәсіпкерлік саласында 900-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылған. Оның барлығы да тұрақты жұмыс істеп, 614-і сауда саласын, 20-сы өнеркәсіп, 51-і білім және денсаулық сақтау саласын құраса, өзге де қызмет түрлері бойынша 178 нысан бар.

Жалпы кәсіпкерлік саласы қалада тек сауда емес түрлі бағытта өркен жайып келеді. Білім, медицина, өнім өндіру ісін жетілдіріп отырған кәсіпкерлер баршылық. Әсіресе соңғы уақытта медицина саласы қарқын алып келеді. Саланы қолдауда мемлекеттің кәсіпті жаңадан бастаушы жастарды да ескергені құптарлық іс. Бұл бағытта «Бастау бизнес» бағдарламасының



тиімділігі зор. Іс бастауды, оның бизнес-жоспарын жасауды, әрі қарай дамытуды үйретіп қана қоймай, білім алушылардың тегін грант ұтып алуына да мүмкіндік қарастырылған. Бұдан өзге кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарлама бар.

Халықты жұмыспен қамту, шағын кәсіпкерлікті дамыту, экономика саласын әртарапандыру мақсатында «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жоба іске асырылуда. Бірнеше бағыттан тұратын бағдарламаның субсидиялау бағыты бойынша қалада 756 жоба қолдау тапқан. Бұл жобалардың қаржы көлемі 11 млрд 700 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ

осы бағдарлама аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруда жалпы құны 56 млн 681 мың теңге болатын 16 жоба мемлекеттік грантты жеңіп алған. Бұдан бөлек 814 жобаға көлемі 1 млн 225 200 теңгені құрайтын мемлекеттік грант беріліп, оның жалпы сомасы 997 млн 312 мың 800 теңге болған.

2 БЕТТЕ

Жексенбіде Қазақстанның футболдан ұлттық құрамасы сенсация жасады. 2024 жылғы Еуропа чемпионатына іріктеу аясында қазақ футболшылары даниялықтармен кездесті. «Н» тобындағы ойынның екінші туры нәтижесінде Қазақстан футбол құрамасы үшінші орынға тұрақтады.

АЙЫП ДОБЫ АШҚАН ЖЕҢІС ЖОЛЫ



Елордада өткен ойында Қазақстан мен Данияның футбол құрамасы бақ сынасты. Ойынның нәтижесінде 3:2 есебімен қазақстандық футболшылар жеңіске жетті. Бұл сандардың артында жанкүйер назарын аударған керемет ойын жатыр. Қонақтардың басымдылығымен басталған кездесудің үшінші минутында-ақ даниялықтар Қазақстан футбол құрамасының қақпашысы Игорь Шацкийді бір сынап көрді. Міне, осы шабуылдан бастап бірінші тайм аяқталғанша Қазақстан қақпасына толассыз шабуыл жасалды.

Алаңның өз бөлігінен берілген пас нәтижесінде Рasmus Хейлун қазақстандық қорғаушы Сергей Малыйдан өтіп, алға жүгіріп шыққан Шацкийдің басынан допты асыра салды. Осылайша даниялықтар матчтағы есепті ашты. Кейінірек Хейлун қазақстандық қорғаушылардың қателігін сәтті пайдаланып, дубль тіркеді. Матчтың бірінші таймы нәтижесінде Дания екі голмен алда келе жатты. Ойынның алғашқы бөлігінде қазақстандық футболшылар даниялық Каспер Шмейхельді аз да болса сынап қорғенімен, қақпашыдан мін таба алмады.

Екінші таймның алғашқы минуттарында екі қақпаға да гол соғылмады. Алайда ойынның тағдырын Абзал Бейсебековтің қақпа бағанасына тиген соққысы өзгертті десе болады. Өйткені осы сәтте алаңдағы төреші даниялық ойыншының қолмен ойнағанын тіркеді. 11 метрлік айып соққысын Бахтиер Зайнутдинов орындап, таблодағы есеп айырмасын азайтты. Бұл матчтың

аяқталуына шамамен 15 минут қалған кезде соғылған гол еді.

Осы бір айып добынан ашылған есеп Қазақстан құрамасының еңсесін тіктенгендей. Өйткені сол сәттен бастап ұлттық құрама ойыншылары шабуылды үдетіп, есеп айырмасын теңестіруге барынша тырысты. Еселі еңбек еш кетпей 86 минутта Асхат Тағыбергеліні алыстан тепкен добы Дания қақпасының осал тұсын тауып, есеп 2:2 болды. Жеңіске деген сенімділік ұлғайған тұста Абат Айымбетов 89 минутта гол соғып, қазақстандық құрама алға шықты. Жанкүйерлер қуанышында шек болмағанын стадиондағы шудан-ақ білуге болатын еді. Бірақ мұнымен құрама сынағы аяқталған жоқ...

Ойынның аяқталуына санаулы минут қалған тұста қазақстандық қорғаушы Нұралы Әліп жаракат алып, ойынды жалғастыра алмайтын болды. Оның үстіне матчтағы соңғы голды соққан Абат Айымбетовке төреші екінші сары қағаз беріп, ойыннан шеттетті. Міне, осы кезеңде Данияның 11 ойыншысына қарсы тұрған 9 қазақ футболшысы қорғанысын күшейтіп, жанкүйерлер бас төрешінің ысықырығын асыға күтті. Қорытындысында матч аяқталып, Қазақстан құрамасының жеңісіне қазақ халқы қуанды. Өйткені бұл Қазақстан құрамасының тарихындағы ең үздік матчтың бірі еді.



Үндістан астанасы Нью-Делиде әйелдер арасында бокстан әлем чемпионаты өтті. Аталған біріншілікте Қазақстанның былғары қолғап шеберлері де бақ сынады. Әлем чемпионатына 12 аруымыз аттанды. Алайда бұл жарыста ең өкініштісі әлемнің екі дүркін чемпионы Назым Қызыбай естiсi оңер көрсеттi. 50 келi салмақ дәрежесiнде сыңға түскен боксшымыз жарыстың алғашқы кезеңiнде Вьетнам боксшысы Тхи Там Нгуеннен жеңiлдi.

БОКС: АЛТЫ МЕДАЛЬ, СЕГІЗІНШІ ОРЫН

Бұл сайыста сондай-ақ 52 келідегі Жазира Орақбаева, 54 келідегі Жайна Шекербекова, 60 келіде Римма Волосенко, 63 келіде Аида Әбікеева мен 70 келіде Мәдина Нұршаева жүлдесіз қалды.

Дегенмен спортшыларымыздың арасында жеңіс тұғырына көтерілген алты аруымыз бар. Қазақстандық қыздар чемпионатта 2 күміс, 4 қола жүлдеге ие болып, 8-сатыдан көрінді. 48 келідегі Алуа Балқыбекова, 66 келіде Надежда Рябец, 75 келіде Валентина Хальцова мен 81 келіде Фариза Шолтай қола жүлдеге ие болды.

Ал 57 келіде сыңға түскен Карина Ибрагимова мен 81 келіден жоғары салмақта жұдырықтасқан Ләззат Күнгейбаева күміс медаль еншіледі. Осылайша барлығы алты медальмен Қазақстан жарысты 8-ші орынмен аяқтады.

Бұл әлем чемпионатында төрт алтынмен Үндістан көш бастаса, Қытай 3 алтын, 1 күміс, 3 қола медальмен екінші, Ресей 1 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлдемен үшінші орынды еншіледі.

5 наурызда «UFC 285» турнирі аясында қазақстандық аралас жекпе-жек шебері Рахмонов керемет жекпе-жек өткізіп, соның нәтижесінде тамаша көрсеткішке қол жеткізді. Лас Вегастағы кездесу тартысты өтті.

ШАВКАТ СЫЙЛАҒАН ШАТТЫҚ

Жұдырықтасуды қош көретін Нилді қазақстандық файтер партерге жыға алмады ма, әлде Шавкаттың өзі тік тұрып жұдырықтасуды жоспарлады ма, белгісіз. Бірақ бұл жекпе-жек жарқын сәттер мен жойқын соққыларға толы болғаны анық. Ең кереметі – күллі әлемді таңғалдырған Шавкаттың әдісі. Орында тұрып-ақ американдықты қылқыдырып, жеңіске жеткен «Номадка» бұл күні таңғалғандар аз болған жоқ.

UFC титулына Шавкаттың жақын қалғанын көпшілік жанкүйер сөзіп-біліп жүр. Спорт сарапшылары да бұл ойдан алыс емес. Мәселен, танымал ресейлік комментатор және жекпе-жек сарапшысы Ян Баранчук Sports.kz порталына берген сұхбатында жартылай орта салмақтағы қазақстандық Шавкат Рахмоновтың титулдық жекпе-жекке жақын екенін айтты.

«Меніңше, Шавкат Рахмоновтың Белал Мұхаммедке қарсы жекпе-жегі – ең болуы ықтимал



«Бұл Шавкаттың үш раундқа созылған екінші жекпе-жегі ғана. Оның Нилмен жекпе-жекпен қорығанды шығарғанына сенімдімін. Рахмоновқа мұндай дуэль керек болды, ол өзі алға ұмтылады, оған жауап бергенін қалады. Нәтижесінде драма болды. Бұл оның мансабындағы ең жақсы жекпе-жек, жақсы сынақ деп ойлаймын. Ол өзінің дамуы үшін жұмыс істейтін болады. Бұл жекпе-жек оның дамуына серпін береді, ол бірнеше деңгейге көтерілді», – деді «Naiza» лигасының президенті Нұрбек Қарабаза «MMA Metaratings»-ке берген сұхбатында.

Осылайша Джефф Нил «UFC» сапында алғашқы рет уақытынан бұрын жеңілді. Ал «Номад» Рахмонов оқтағанда тұрып Колби Ковингтонға «шақырту» тастады. Себебі Шавкат бұл жекпе-жегі арқылы өзінің бұдан да жоғары деңгейдегі қарсыласқа лайықты екенін дәлелдеген еді.

Қалай болғанда да Шавкат әзірге тынығып, содан кейін жаттығуды жалғастыратынын айтты. Оның келесі кездесуі шамамен күзде өтеді деп болжануда. Әрине, біз де қазақстандық спортшының титулға иелік еткенін, қазақ жанкүйерлерін қашанда жеңісімен шаттандырып жүргенін қалаймыз. Бірақ әзірге әліптін артын бағып, Шавкат қарьерасын болжай аламыз. Ең бастысы қай кездесуде де «Номадтың» бәсі басым болып, жеңіс тұғырынан көрінсе дейді, Қазақ елі.

Бетті дайындаған Аслан НУРАЗҒАЛИ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

ҚОС ЖҮЛДЕ ҚОРЖЫНДА

Тбилисиде дзюдодан «Grand Slam» жарысы өтуде. Бұл жарыста Сыр өңірінің спортшылары да бақ сынауда. Бүгінде Сыр саңлақтары қоржынға қос медаль салды.

Жарыстың алғашқы күнінде 60 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Мағжан Шамшадин қола жүлдегер атанды. Ол алғашқы айналымда Кипр балуанын иппонмен жеңсе, екінші айналымда өзбек балуанын екі ваза ари ұпайымен қапы қалдырды. Ширек финалда Грузияның жас жұлдызы Георгий Шардалашвилиге есе жіберіп, жұлдызы Георгий Шардалашвилиге есе жіберіп, Грузияның жас жұлдызы Георгий Шардалашвилиге есе жіберіп, Португалиялық Лопес Родрига Костаны ваза армен жеңіп, қола медаль үшін күресуге алған мүмкіндігін сәтті пайдаланды.

Жарыстың екінші күнінде 81

келі салмақта сыңға түскен Абылайхан Жұбаназар күміс жүлдегер атанды. Алғашқы белдесуінде Канада балуаны Элнахасты иппонмен жеңіп, екінші айналымда Польша балуанын 2 ваза армен қапы қалдырды. Ширек финалда Молдавалық Виктор Стернуді, жартылай финалда Аустрияның намысын қорғайтын балуан Вахид Борчашвилидің бәсі жоғары болып, Абылайхан күміс жүлде еншіледі.



Абылайхан Жұбаназар

Мағжан Шамшадин

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификаталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖІПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2922

Талпырыс №

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ